

Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрының ғимаратын Алматы қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 4 сәуір N 499

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласы әкімінің мына мекен-жай бойынша орналасқан: Алматы қаласы, Қабанбай батыр атындағы көше, 112-үй, Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрының ғимаратын Алматы қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп Алматы қаласының әкімімен келісім бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрының ұжымына аталған ғимараттағы үй-жайларды тегін негізде беру шартымен Алматы қаласының коммуналдық меншігіне ғимаратты беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру шараларын жүзеге асырсын.

3. "Алматы қаласының аумағында орналасқан ұйымдар мен объектілерге

қатысты мемлекеттік меншіктің түрлері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 қарашадағы N 1141

Р 9 8 1 1 4 1 _

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1998 ж; N 41, 371-құжат):

1) көрсетілген қаулыға 1-қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 393-1-жолмен толықтырылсын:

"393-1 Ғимарат Қабанбай батыр атындағы көше 112-үй"

2) көрсетілген қаулыға 3-қосымшадағы реттік нөмірі 421-жол алынып тасталсын.

3) Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ